

## Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 602 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 602 қаулысымен.**

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.16. N 182 қаулысымен .

Мемлекет тарапынан кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін басқару мен бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес кейбір акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын немесе кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға (бұдан әрі - РМК) қатысты мемлекеттік басқару органдары болып табылатын мемлекеттік органдар (бұдан әрі - уәкілетті органдар) заңнамада белгіленген тәртіппен: <\*>

1) қоғамның директорлар кеңесінің (мемлекеттік басқару органының - РМК үшін):

ұйымның орталық аппараты қызметкерлерінің штатын;

ұйымның есепке алу саясатын бекітуін;

2) <\*>

3) қоғамның директорлар кеңесі төрағасының (мемлекеттік басқару органының - РМК үшін) ұйымның атынан:

ұйымның қызметі мен оны дамытудың (қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарын) орындаудың нәтижелеріне ұйымның бірінші басшысының жауапкершілігі мен материалдық ынталандырылуының тікелей байланысты болуын көздейтін ұйымның бірінші басшысымен келісім-шарт; <\*>

аудиторлық ұйыммен жыл сайынғы аудит жүргізуге шарт жасасуын;

4) басшысы қоғамның директорлар кеңесінің төрағасымен (мемлекеттік басқару органымен - РМК үшін) келісім бойынша тағайындалатын ішкі аудиттің жеке құрылымдық бөлімшесінің ұйымда болуын;

5) уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен міндетті аудитті жүргізу жөніндегі біліктілік талаптарға сәйкес келетін аудиторлық ұйымдардың қаржы жылының қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына және

Бухгалтерлердің халықаралық федерациясы жанындағы Халықаралық аудиторлық практика жөніндегі комитеттен Қазақстан Республикасында халықаралық қаржылық есептілік пен аудит стандарттарын ресми жариялауға жазбаша рұқсаты бар ұйым мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялаған халықаралық қаржылық есептілік пен аудит стандарттарына сәйкес ұйымның жыл сайынғы аудитінің жүргізілуін;

6) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысандар бойынша таралымы 30 мың данадан асатын қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық (аудиторлық ұйым куәландырған) және тоқсандық қаржы есептілігінің уақытылы жариялануын;

7) <\*>

8) ұйым басшылары шетелдік іссапарларының уәкілетті органмен келісілуін;

9) қоғамның директорлар кеңесі төрағасының (мемлекеттік басқару органының - РМК үшін) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысандар бойынша ұйымның қаржы-шаруашылық қызметі туралы ұйым, оның еншілес, тәуелді ұйымдары және өзінің қатысу үлесін есепке алу және қатысушылардың қаржылық есеп беруінде оның ұйымдастыру-құқықтық нысандарына қарамастан, осы қызметтен алынатын активтерді, міндеттемелерді, кіріс пен шығысты көрсету үшін бірлескен қызметті жүзеге асыратын ұйымдары (бұдан әрі - бірлесіп бақыланатын ұйымдар) бөлігінде - жеке, сондай-ақ өспелі қорытындысымен - біріктірілген ақпаратты мынадай мерзімдерде ұсынуын:

1-тоқсанның, жарты жылдықтың және 9 айдың қорытындылары бойынша - есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 1-күнінен кешіктірмей;

жылдықты - есепті кезеңнен кейінгі төртінші айдың 1-күнінен кешіктірмей;

10) ұйымның бірінші басшысының қоғамның директорлар кеңесі (мемлекеттік басқару органы - РМК үшін) алдында еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдарды басқару туралы, сондай-ақ еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің негізгі ұйым қызметінің көрсеткіштеріне ықпалы туралы жарты жылдық есептер беру жүзеге асыруын; <\*>

11) ұйымның бірінші басшысының қоғамның директорлар кеңесі (уәкілетті орган алдында - РМК үшін) алдында ұйымның орта мерзімді жоспардың іске асырылуы туралы жыл сайын есеп беруді жүзеге асыруын қамтамасыз ететін көрсетілген ұйымдардың жарғыларына өзгерістер мен/немесе толықтырулардың енгізілуін қамтамасыз етсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.04.09. N 482 , 2002.06.27. N 699 , 2002.12.28. N 1405 , 2003.06.30. N 630 , 2004.02.16. N 182 , 2008.07.17. N 691 Қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті 1-тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне беруді:

1-тоқсанның, жарты жылдықтың және 9 айдың қорытындылары бойынша - есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 10-күнінен кешіктірмей;

жылдықты - есепті кезеңнен кейінгі төртінші айдың 15-күнінен кешіктірмей қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.06.27. N 699 қаулысымен .

2-1. Осы қаулының 1-тармағының 5), 9) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау мүмкін болмаған жағдайда, осындай іс-шаралардың орындалу мерзімін уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісім бойынша ауыстыруы мүмкін деп белгіленсін.

Ескерту. Жаңа 2-1-тармақпен толықтырылды - 2001.10.08. N 1298 , өзгерту енгізілді - 2008.07.17. N 691 Қаулыларымен.

3. <\*>

Ескерту. 3-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.09.25. N 1051 қаулысымен .

3-1. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі уәкілетті органдармен бірлесіп, осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген ұйымдардың даму жоспарлары мен бизнес жоспарларының құрылымына және мазмұнына бірыңғай талаптарды әзірлесін әрі заңнамада белгіленген тәртіппен бекітсін.

Ескерту. Жаңа 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.06.27. N 699 , өзгерту енгізілді - 2003.06.30. N 630 қаулысымен .

4. 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 28 ақпандағы  
N 290 қаулысына  
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.07.17 N 691 , өзгерту енгізілді - 2008.07.17 N 693 ,2008.08.27 N 776 , 2008.10.03 N 915 , 2008.11.12. N 1048 , 2008.11.21. N 1080 Қаулыларымен.

**Кейбір акционерлік қоғамдардың және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі**

1. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен).
2. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен).
3. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен).
4. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен).
5. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.08.27 N 776 Қаулысымен).
6. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен).
7. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен).
8. "Қазақстан Ғарыш сапары" ұлттық компаниясы" АҚ
9. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.21. N 1080 Қаулысымен).
10. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен).
11. "Ақтау халықаралық теңіз сауда порты" РМК
12. "Қазаэронавигация" РМК
13. "Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы" АҚ

**Ескертпе : аббревиатуралардың толық жазылуы :**

АҚ - акционерлік қоғамы

РМК - республикалық мемлекеттік кәсіпорын

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 28 ақпандағы  
N 290 қаулысына  
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.04.09. N 482 , 2001.08.03. N 1025 , 2001.08.08. N 1041 , 2001.10.08. N 1298 , 2001.12.04. N 1565 , 2001.12.05. N 1575 , 2002.04.20. N 452 қаулыларымен.

**Кейбір акционерлік қоғамдар - ұлттық компаниялар директорлар кеңестерінің құрамдары**

1. "Қазақойл" ҰМК" ЖАҚ:

Еламанов Болат Далдайұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар бірінші вице-министрі, төраға;

Аманбаев Мұрат Ермұқанұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасары;

Мұртазаев Мұрат Арзаұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі;

Иденов Мақсат Бағытұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі (келісім бойынша);

Досаев Ерболат Асқарбекұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі;

Өтепов Эдуард Карлұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының бірінші орынбасары;

Балғымбаев Нұрлан Өтепұлы - "Қазақойл" ҰМК" ЖАҚ-ның президенті;

Дәукеев Серікбек Жүсіпбекұлы - Атырау облысының әкімі;

Қиынов Ләззат Кетебайұлы - Маңғыстау облысының әкімі.

2. "ҚазТрансОйл" ЖАҚ:

Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, төраға;

Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Заң бөлімінің меңгерушісі;

Андрющенко Александр Иванович - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі;

Раханов Мақсұтбек Смағұлұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы;

Құлыбаев Тимур Асқарұлы - "ҚазТрансОйл" ЖАҚ-ның президенті.

3. "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ААҚ:

Нефедов Петр Петрович - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, төраға;

Ыбырайымов Серікхан Уәлиханұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімінің меңгерушісі;

Әмрин Асқар Кемеңгерұлы - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Заң департаментінің директоры;

Комаров Геннадий Григорьевич - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы - "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ААҚ-ның президенті.

4. "Қазпочта" ААҚ:

Нәлібаев Әбдіхалық Зәкірұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі, төраға;

Абдулина Нәйлә Құрманбекқызы - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасы Төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Оразбақов Ғалым Избасарұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі;

Кадюков Николай Викторович - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

Арыстанов Әркен Кеңесбекұлы - "Қазпочта" ААҚ басқармасының төрағасы.

5. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" ЖАҚ:

Жәкішев Мұқтар Еркінұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, төраға;

Мұртазаев Мұрат Арзаұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі;

Раханов Мақсұтбек Смағұлұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы;

Шыналиев Ғазиз Қоршабекұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімінің сектор меңгерушісі;

Қасабеков Асқар Серікбайұлы - "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" ЖАҚ-тың президенті.

6. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ЖАҚ:

Жәмішев Болат Бидахметұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы бірінші вице-министрі, төраға;

Мырзахметов Асқар Исабекұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі;

Босс Владимир Оттович - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесі Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімі меңгерушісінің орынбасары;

Комаров Геннадий Григорьевич - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік меншік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

Смағұлов Нұрлан Еркебұланұлы - "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ЖАҚ-ның президенті.

7. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ:

Коржова Наталья Артемовна - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, төрайым;

Айманбетова Гүлбану Зарлыққызы - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасы Төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Бахмутова Елена Леонидовна - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі;

Аймағамбетов Көпжасар Төленұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесі Экономикалық бөлімінің сектор меңгерушісі;

Сүлейменов Серік Жүсіпұлы - "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның директоры.

8. "Ұлттық ақпараттық технологиялар" ЖАҚ:

Зверьков Вадим Павлович - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі, төраға;

Абдулина Нәйлә Құрманбекқызы - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасы Төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Өтеулина Хафиза Мұхтарқызы - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі;

Рахметов Нұрлан Құсайынұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс вице-министрі;

Кадюков Николай Викторович - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік меншік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

Оразалинов Дулат Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесі Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімінің консультанты;

Гусак Дмитрий Иосифович - "Ұлттық ақпараттық технологиялар" ЖАҚ-ның президенті;

Мәжіренов Жомарт Рахымбекұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департамент бастығы (келісім бойынша).

9. <\*>

10. "Қазақтелеком" ААҚ:

Нәлібаев Әбдіхалық Зәкірұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасары, төраға;

Өтепов Эдуард Карлұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының бірінші орынбасары;

Бектасов Әбен Ағыбайұлы - "Қазақтелеком" ААҚ-ның президенті;

Есенғараев Асқар Батылханұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитетінің төрағасы.

10-1. <\*>

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
күші жойылған кейбір шешімдерінің  
тізбесі**

1. "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания" жабық акционерлік қоғамының жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 наурыздағы N 216 қаулысы 1-тармағының 2) тармақшасы.

2. "Кейбір акционерлік қоғамдардың жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 наурыздағы N 308 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 10, 92-құжат).

3. "Азық-түлік келісім-шарт" корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 қыркүйектегі N 1404 қаулысы .

4. "KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ашық акционерлік қоғамының жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қазандағы N 1628 қаулысы .

5. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 қарашадағы N 1740 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 51, 500-құжат).

6. "Эйр Қазақстан тобы" жабық акционерлік қоғамының жекелеген мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 2026 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 58, 577-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 наурыздағы N 308 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 наурыздағы N 404 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 15, 153-құжат).

8. "Кейбір акционерлік қоғамдардың жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 шілдедегі N 1083 қаулысы .

9. "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 тамыздағы N 1261 қаулысы .

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қазандағы N 1628 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қарашадағы N 1766 қаулысы .



